

"Сейфуллин оқулары– 14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру - жаңа даму кезеңі » атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация - новый этап развития». -2018. - Т.1, Ч.1. - Б.65-67

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ТҮЙЕЖОҢЫШҚАНЫ ЖАЗДЫҚ ЖҰМСАҚ БИДАЙҒА АЛҒЫ ДАҚЫЛ РЕТІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

Айтқынова Г. А.

Еліміздің солтүстігінде негізгі өңделетін дақыл жаздық жұмсақ бидай болып табылады. Жаздық бидайды өсіру еліміздің азық-түліктік қауіпсіздігін сақтауда мыңызы зор [1]. Статистика комитетінің мәліметтеріне сүйенетін болсақ 2016 жылы ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы егістік көлемі 21 660,1 мың. га құрады. Оның ішінде 15 400,7 мың. га егістік алқабында жаздық жұмсақ бидай себілді [2].

Соңғы он жылдықта Қазақстанда өндірілген астық дақылы негізінен Ресей, Өзбекстан, Тәжікстан, Ауғанстан, Қырғызстан, Түркменстан, және азырақ мөлшерде Қытай мемлекеттеріне экспортталынған. Қазіргі күнде Қазақстан ұнды экспортқа тұрақты түрде шығарып отыр, алайда осы күнде экспортқа шығарылған ұн мөлшері бойынша, өзінің жетекші орнын басқа мемлекеттерге беріп қойды [3].

Қазіргі кезде облыста қолданылып келе жатқан ауыспалы егістер құрамында жаздық жұмсақ бидайдың мөлшері жоғары, бұл өз кезегінде егістіктің өнімділігін төмендетеді және тұқымдардың технологиялық сапасын нашарлатады.

Қазақстан Республикасының өз кезегінде нарықтық экономикаға өтуі барысында ауыл шаруашылығы өндірісінде де көптеген өзгерістер енгізілді. Ауыл шаруашылығының алдына осы кезде келесідей міндеттер қойылуда: өсімдік шаруашылығының диверсификациясын дамыту, маңызды дақылдардың сапасын және бәсекелестігін жақсарту мақсатында өсіру технологияларын жетілдіру, жаңадан технологиялар құрастыру және оларды тәжірибеге енгізу [4].

Жаздық бидайдың басқа астық дақылдарына қарағанда тамыр жүйесі нашарлау дамыған. Ылғал жетіспеушілік жағдайда бидай нашар түптенеді, және топырақ бетінде толық орын алмайды, соның нәтижесінде егістіктер арамшөптермен ластанады. Астық дақылдарын ауыспалы егісте ауыстырмай себу немесе көп қайталыммен себу нәтижесінде өнімділік күрт төмендейді (31% - ға дейін). Сондықтан жаздық бидайдың ауыспалы егістегі орнын мұқият таңдау қажет [5].

Осы жағдайда жаздық бидайдың алғы дақылы ретінде бұршақ тұқымдас екі жылдық шөптерді таңдаған дұрыс, себебі олар өз кезегінде егістіктің

құрылымдылығын жақсарта отырып, топырақты деградациядан қорғайды. Сонымен қатар топырақтың құнарлылығын жоғарылата отырып, арамшөптердің өсуіне кедергі келтіреді, және ауыспалы егістің әр гектарынан алынатын экономикалық пайданы біршама жоғарылатады. Түйежоңышқаға деген қызығушылықтың жоғарылауына, қазіргі күні бағасы төмен және құнарлылығы жоғары мал азыққа деген сұраныстың күннен күнге өсуі себеп болып отыр.

Алайда облыстағы ең басты дақыл болып жаздық жұмсақ бидай орын алып отырғандықтан, ауыспалы егісте бидайдың сапасын және өнімділігін барынша жоғарылату мақсатында, түйежоңышқаны бидайға алғы дақыл ретінде пайдалана отырып құнарлылығы жоғары мал азығын өндіру осы уақытта өзекті тақырыптардың бірі болып отыр.

Сондықтан республикамыздың азық-түліктік қауіпсіздігін сақтай отырып, ішкі және сыртқы нарықты сапасы жоғары, бәсекеге қабілетті тұқыммен қамтамасыз ету бүгінгі күні аграрлық ғылымның және агроөнеркәсіптік кешеннің басты мақсаттарының бірі болып табылады.

Зерттеу нысаны: Жаздық жұмсақ бидайдың Астана сорты, Ақмола облысы жағдайында.

Зерттеу әдістері: танаптық және зертханалық.

Зерттеу мақсаты: түйежоңышқаның алғы дақыл ретінде Астана сортты жаздық бидайдың сапасына және өнімділігіне әсері.

Зерттеу жұмыстары Ақмола облысы, Ақкөл ауданы, «Новорыбинка и К» шаруашылығының егістіктерінде, танаптық тәжірибе салу негізінде жүргізілді. Топырақ типі оңтүстік карбонатты қара топырақтар. Ауыл шаруашылық дақылдарының вегетациясы кезінде танаптық тәжірибеде сараптамалар, бақылаулар және зерттеулер әдістемелік нұсқауларға сай жүргізілді.

Тәжірибе сызбанұсқасы:

Жаздық жұмсақ бидай (бақылау)

Екінші жылдық түйежоңышқа

Тәжірибеде алғы дақыл ретінде пардан кейінгі екінші бидай, екінші жылғы түйежоңышқа зерттелді. Зерттеу нысаны болып жаздық жұмсақ бидайдың Астана сорты алынды. Алғы дақылдан кейінгі жаздық жұмсақ бидайдың өнімділігі қарастырылды. Тәжірибелік мөлдектің көлемі 60 м². Қайталым саны 3, мөлдектердің орналасуы рендомизирлі. Алынған мәліметтерді математикалық өңдеу Б.А.Доспехов және А.В.Иванников әдістемесі бойынша жүргізілді [6,7].

Тәжірибеде минималды өсіру технологиясы қолданылды.

Себу жұмыстары дақылға оңтайлы мерзімде, МТЗ-82 тракторына жалғанған СЗС-2,1 агрегатымен, 7 см тереңдікке 140 кг/га тұқым мөлшерінде енгізілді. Себу жұмыстарының алдында жаздық жұмсақ бидай тұқымдары гельминтоспориоз және фузариоз ауруларына шалдығудың алдын алу мақсатында «Скарлет» фунгицидімен 0,3 л/т мөлшерінде дәріленді.

Дақылдың өнімділігін арттыру мақсатында, тыңайтқыштар енгізілді: аммофос 60-90 кг/га э.е.з., онымен қоса кейінірек 25-30 ц/га органикалық тыңайтқыш (жартылай шіріген көң) енгізілді.

1-ші кестедегі мәліметтерге сүйенсек бидайдың ең жоғары өнімділігі алғы дақыл ретінде түйежоңышқаны қолдану негізінде алынған, ал пардан кейінгі екінші бидай алғы дақыл болған нұсқада өнімділік 14,3 ц/га тең.

Кесте – 1. Алғы дақыл түрлеріне байланысты жаздық жұмсақ бидайдың өнімділігі

№	Нұсқалар	Өнімділік, ц/га
1	Пардан кейінгі екінші бидай	14,3
2	Екінші жылдық түйежоңышқа	20,2

Сонымен қатар, бидай өнімділігінің жоғары болуымен қатар, ескере кететін жағдай бұл түйежоңышқа дақылынан алынған өнімділік.

Қорытынды: Біздің зерттеу нәтижелері бойынша жаздық бидайдың ең жоғары өнімділігі алғы дақыл ретінде түйежоңышқа алынғанда 20,2 ц/га болды, сәйкесінше ең төменгі өнімділік бақылау нұсқасында болды, ол 14,3 ц/га. Түйежоңышқадан алынған өнімділікті бақылаумен салыстырғанда алынған қосымша өнім 5,9 ц/га тең.

Әдебиеттер тізімі

1. Sun, Shuchen; Shao, Ming'an; Gao, Hongbei. Energy and CO₂ exchanges and influencing factors in spring wheat ecosystem along the Heihe River, northwestern China//JOURNAL OF EARTH SYSTEM SCIENCE, Tom: 125, the issue: 8, page: 1667-1679, published: DEC 2016.

2. <http://www.energyprom.kz>

3. Кудайбергенов Г.К. Популярные лекции. – Астана, 2013. – 92 с.

4. <http://group-global.org/kk/node/3801>

5. Забазный П.А., Буряков Ю.П., Карцев Ю.Г. и др. Краткий справочник агронома. – М.: Колос, 1983 – 320 с

6. Доспехов Б.А. Методика полевого опыта. – М.: Агропромиздат, 1985 г.

7. Иванников А. В., Томилов В. П. Практикум по биометрии. Учебное пособие. Астана: Издательство Казахского аграрного университета, 2002. – 40 с.